

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: neilya2204@mail.ru

Г. БОЛИНГБРОКТЫҢ ТАРИХИ- ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

XVIII ғасырда тарихи ғылымды жасау ағартушылық ойдың негізгі міндеттерінің бірі болды. Өткенді танудағы ақыл-ой құқығын бекіту және қоғам, мемлекеттік өкімет құрылымы, саяси, экономика, құқық және тағы басқаларға философиялық көзқарастың әсерлері мақсатын қажет етті. Ағартушылардың тарихи зерттеулерге және тарихи-философиялық жинақтауларға терең ықылас білдіруі, міне осымен түсіндіріледі. Г. Болингброк қозғаған тарихи мәселелер шеңбері ауқымды. Оның тарихи көзқарастары Вольтердің дүниетанымын қалыптастырды.

«Тарихты зерттеу және пайдасы туралы хаттар» – ойшыл Г. Болингброктың жоғары табысы, олар бұрынғы ағылшын ағартушыларының ой-пікірлерінің жарқын көрінісі ретінде қаралады.

Г. Болингброктың тарихи көзқарасының түп-тамыры жөніндегі мәселе елеулі қызығушылық тудырады. Ол өзі жақсы білген осы саладағы көне дәстүрді (Тит Ливий, Полибий, Цицерон, Тацит және т.б.) кең пайдаланып қана қоймай, Лоренцо Валла, Н. Макиавелли және Ф. Гвиччардиниден бастап гуманистік пікірлерге сүйенеді.

Г. Болингброктың хаттары тарих теорияларының мәселелеріне ғылым, білім, адамзаттың рухани қызметінің саласы ретінде арналады. Осы бір мәселенің танымдық методология жағына қарай қызықты бетбұрыс жасауының өзі саясат пен әлеуметтану, этика мен құқық пәндерінің елеулі элементтері аралас қосыла отырып тарих саласында кең түсінікпен үндеседі. Бір сөзбен айтқанда, біздің алдымызда сол кездегі гуманитарлық өзіндік философиялық жиынтықтарына айналған ғылым ретінде тарихты кең пайымдау тұр [1, 11].

Болингброк еңбектеріне талдау жасай отырып, оның ағартушылық, тарихи көзқарастарын ашуға ұмтыламыз. Англиядағы Дж. Свифт пен Д. Дефо, Франциядағы Ш. Монтескье мен Вольтер сияқты, сол заманның көптеген көрнекті ой иелерінің қатарында Г. Болингброк тарихты интеллектуалдық күш-жігерлердің лайықты қосымшасы ретінде ғана қарап қоймай, өтіп жатқан идеологиялық және саяси күрестердің шешуші дәлелі деп қарады.

XVI ғасырдың гуманистерінің тарихқа деген адамдардың тұрақты мүдделілігінің себептерін айқындайтын мәселесі жө-

нінде өз болжамдары болды. Олар тәрбие, оқыту, риза болу және тағы басқалар сияқты таза прагматикалық мақсаттардан арыға бармады [2, 16]. Олардан бөлек Г. Болингброк: «Тарихқа деген адам махаббатынан артық өмірде ақиқат жоқ – бұл дегеніңіз өзіңіздің өзіңізді жақсы көруіңіз ғой», – деп жазды [3, 168]. Тарих жөніндегі ойлардың өзі адам табиғатынан табиғи заңдар әсеріне қатысты элемент, табиғат жүйесінің «органикалық элементі» ретінде адамның өзі де, қоғам да танылған кезде ажырамастай күйге жетеді. Г. Болингброктың осы болжамдарынан қорытынды жасай отырып, адамның тарихқа құштарлығы – өзгермес адам табиғатының құбылыстарының бірі деген түйінге келуге болады. Басқаша айтар болсақ, тарихқа мүдделілік – уақытша құбылыс, сән қуу немесе еріккеннің ермегі емес, адамның өмірлік мүдделіліктері талап ететін оның тұрақты мәңгілік моральдық эстетикалық қажеттілігі. Егер осы мүдделіліктер Ренессанс заманынан бастап көрнекілікке айналса, ол одан бұрын болмағандықтан емес, тарихтың өзі осы дәуірде дүниеге келгендігінен болатын. Бұл болжамнан тарихи түп-нұсқаны «құдайдың еркімен» емес, адамзат тарихымен байланыстыратын рационализмнің маңызды жетістігін көреміз. Дегенмен тарихқа деген мүдделілік моральдық заң сияқты ежелден келе жатқан болса, бұл әр түрлі ұрпақтар назарын аударған тарих мәселелері өзгеріссіз қалып келеді дегенді білдірмейді. Бұл мәселеде бұрынғы гуманистерге қарағанда Болингброктың өзгешелігі ол тарихи шепке ие болды. Болингброк әрбір ұрпақты толғандыратын жайлар өткенімен емес, қазіргісімен бейнеленеді деп есептейді. Бірақ бұл пікір одан әрі дамымай қалды. Осыдан Болингброктың тарихи мүдделіліктердің тұрақты ауысатыны жөніндегі ой-пікірлерге жақын болғанын байқаймыз.

Сонымен қатар қайта өрлеу уақытынан бастап қарама-қарсы болжам – «ақындық тарих», яғни сезімдер, құмарлық қиялдауға берілетін тарихи бейнелеу түрі кеңінен тарады. Бұл тарих үшін ақиқат мәселелері жоқ, болған іске қарағанда қиялды жақсы деп есептейді. Ол әр уақыттан құмарлықты, әуестенушілікті туғызады. Бұған тарих пәнінің табиғатының өзі кінәлі.

Тарихи бейнелеудің екінші түрі – ақыл-ойға келтіретін рационалистік бейнелеу. «Бірақ қандай аянышты – тіпті тарих жөніндегі таңдаулы кітаптар ақыл-ойға соншалықты сирек жүгінеді. Аянышты болу себебі ауқымды танымдық мүмкіндік пайдаланылмай қалады: табиғат сезім үшін нені сүйкімді етсе, ақыл-ой сезімнің

неғұрлым пайдалы қосымшасы етіп жасай алар еді», – деп жазды Г. Болингброк.

Сонымен, Г. Болингброк шын мәнінде тарихи ғылымның алғашқы ағылшын теоретигі болды. Ол тарихи бейнелеудің екі көзқарастағы әр түрлі типтерінің гуманистік тарихнамалық дәстүрлі негізінде өзгешелігін ашып «эмоционалды» тарих және «рационалистік» тарих деген мән берді. Г. Болингброк, тек «рационалистік» тарих қана ақыл-ой қызметін оятуға қабілетті деп есептеді.

Тарихтың пайдасы мен ол туралы Ағартушылық ой-пікірлер, сондай-ақ неміс философы И.Г. Гердер де байқалады. И.Г. Гердер: «Тарихты оқып үйрену қазіргі шақ және болашақ үшін, адамзат баласын тәрбиелеу және оқыту үшін, билеушілерді үйрету және заңдылықты жақсарту үшін қажет», – деп ойлады [4, 28]. Бұл орайда Р.Дж. Коллингвудтың сөздерін мысалға келтіре кеткен орынды. Ол: «тарихтың құндылығы... мынада, соның арқасында адам не істеді, сонымен қатар ол кім екенін білеміз», – деп жазды [5, 139].

Г. Болингброк тарихтың практикалық пайдасы жөніндегі сауалға жауап ретінде жеке емес, тарихта тексерілген және жинақталған әлеуметтік-тарихи тәжірибені және оның қоғам мен адам өміріндегі рөлінің практикалық мағынасының мәселесін алға тартады.

Жүйелі эмпиризмге толық сәйкес тәжірибе бұл жағдайда жалпы бірден-бір жол ретінде және соның ішінде әлеуметтік-тарихи таным есебінде қаралады. Әлеуметтік-тарихи тәжірибе, ұрпақтар, тарихи дәуірлер тәжірибесі – бір адамның өмірінде ғана емес, тұтас қоғамның өміріндегі жол бастаушы – бұл пікірге XVI ғасырдағы гуманизм, белгілі болғандай, қол жеткізе алған жоқ. Тәжірибе екі түрлі болуы ғана мүмкін: қазіргі уақыт және тарихи тәжірибе түрінде. Тарихи тәжірибеге қатысты не нәрсе, өз тәжірибесіне баса көңіл бөле отырып Болингброк сонымен қатар бірінші және екінші түрлердің арасындағы терең байланыс пен бір-біріне тәуелділікті атап көрсетеді, сол арқылы әлеуметтік тәжірибенің барлық мәселелерін мүлде күтпеген жағынан бұрады.

Мәселен, ол өткен ұрпақтар тәжірибесін білмей субъект көп нәрсені білуі мүмкін бе деген мәселені талқылауды ұсынады. Бұл сұраққа Болингброктың жауабын XIX ғасыр тарихының жолына межелі кезең ретінде қарау міндет: тарихи тәжірибе өз тәжірибемізді түсіну үшін бізді даярлауға, оны оқып үйренгенімізше жанымызда сүйемелдеуші болып жүруге, яғни шын мәнінде біздің өміріміздің барлық кезеңінде міндетті түр-

де қажет. Тіпті данышпанның өзі де атап көрсетеді. Болингброк, егер өзінің тәжірибесін басқа адамдардың басқа кезеңнің тәжірибесімен толықтырмаса толық күшінде жарқырай алмайды. Өз тәжірибесіне ғана сүйенген қарапайым пендеге айтылар нәрсе, олар әлеуметтік ғылымда жартылай білгіштер ғана болып есептеледі.

Сонымен «Хаттардағы» тарихи тәжірибе жөніндегі мәселелерді айтуымен лорд Генри Болингброк тар прагматикамен емес, ақиқатында философиялық кеңдігімен ерекшеленеді. Одан шығатын қорытынды, тарихи таным – адамзат танымының алғышарты мен негізінің тұтастығы. Өткен шақ жөнінен хабарлар ете отырып, тарих шындығында әрбір ұрпаққа оның «қазіргісін», осы заманғы өзінің жеке тәжірибесінің мәнісін ашып береді. Басқа сөздермен айтсақ, адам тарихи перспективасыз бүгінгі күннің мәселесін талдай алмайды және өз тәжірибесінің сабақтарын ақыл-ойға келтіре алмайды, оларды қажетінше пайдалануы да мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды, тарихты адам өз бетінше өмір сүруге кіріспес бұрын оқып үйренуге тиіс – оны өзі-ақ адамды парасатты өмірге әзірлей алады. Бұл орайда Р.Дж. Коллингвудтың: «Тарих – зерттеудің немесе іздестірудің сан алуандығы: бастысы, ол біз ғылымдар деп атайтын, яғни біз сауалдар қойып және оларға жауап беруге ұмтылатын пайымдаудың түрлерінің сан алуандығы. Жалпы ғылым дегеніміз белгілі бір схемаға сәйкес жауаптардың жиынтығы емес екенін түсінудің мәні бар. Ол бір нәрсеге ой-пікірлерді шоғырландырудан тұрады», – деген сөздерін келтірген орынды [5, 142].

Ғылым – бұл ізденіс, осы мағынадағы тарих – бұл тарихты оқып үйренудің қажеттігі мен пайдасы туралы тағы да айтады.

Г. Болингброк тарихқа анықтама бере отырып, тарихтың ақиқат пайдасы қандай деген сұраққа ол: «Дионисий Галикарнасский бір жазбасынан оқығанымды айта отырып Сізге жауап беремін... Менің ойымша, тарих дегеніміз – бұл мысалдар көмегімен бізді оқытатын философия. Мысал күшінің күнделікті әсіресе көру үшін өзімізді қоршаған ортаға көз тастаудың өзі жеткілікті; мысалдың мұндай күшке ие екенін бірден байқау үшін ішкі жағдайға назар аударудың өзі жеткілікті», – деп жауап қайтарады [1, 18]. Бұл афоризмде тарих дегеніміздің әлеуметтік тәжірибенің теңдесі жоқ қазынасы екенін айтатын пікір бейнеленген. Г. Болингброктың пікірі бойынша, тарихтың жеке, кәсіптік шектелген мақсаты көзделмей, адамзаттың сол кезеңдегі өткір мүдделерін қозғайтын жалпы

философиялық міндеттері шешілуі тиіс. Бұл міндеттер «Хаттарда» жалпы және тұтасымен гуманитарлық дәстүрде нақтылана түседі. Г. Болингброк: «Тарих – бұл ақылгөйлік пен мораль мектебі, адамзат табиғатын жетілдіру үшін ең жақсы құрал», – деп жазады.

Адамзат ойының жетілмегендігінің, ақыл-ойымыздың қоймасы, міне осындай, тіпті өте дұрыс абстрактылы немесе жалпы пайымдалудың өзі бізге күңгірт немесе күдікті болып көрінуі тым жиі, оларды мысалдар көмегімен түсіндірмейінше солай қалады, нақты фактілермен дәлелденбейінше сендіру өзінде шамалы дәрежеде ғана пайдаға шешіледі. Бізге мысалдар келтіріп тұрған кезде олар алдарқатып тұрған сезімдеріміз бен пайымдауларымызға үндесіп тұрғандай. Бірақ, бұл мысалдың көмегімен оқытудың жалғыз артықшылығы емес, өйткені мысал біздің пайымдауымызға ғана емес, сезімге де сондай деңгейде әсер етеді. Мысалдың қажеттігіне Генри Сент-Джон Болингброк осындай баға берді. Одан әрі ол: «Мысалдың мектебі бүкіл әлем болып табылады, ал бұл мектептегі тәлімгерлер – тарих пен тәжірибе», – деп пайымдады [5, 28].

Г. Болингброктың пікірінше, тарихты – оқып үйренумен байланысты басқа да артықшылықтар бар. Г. Болингброк: «Мен айтып отырған ерекше адамдар, сондай-ақ оқиғалар түрінде бізге тарих ұсынған мысалдардан құралады – әдетте аяқталған түрде болады: барлық мысал біздің алдымызда ашылған. Адамдарға қатысты айтар болсақ, тарих олардың өмірінің бүге-шігесін қамтиды», – деп айтып өтеді [6, 234].

Р.Дж. Коллингвуд, тарихи ғылым қалай жасалатыны жөніндегі сұраққа: «Тарих дегеніміз нақты мәліметтердің түсіндірмесі, мұнда нақты мәліметтер – жеке алғанда құжаттар деп аталатын заттардың жинақтаушы аты. Құжаттар – қазір де мұнда бар заттар, тарихшы оны талдай отырып өткен оқиғалар жөнінде олар қойған сұрақтарға жауап алуға болатын заттар», – деп жауап береді. Тарихи әдіс Р.Дж. Коллингвудтың айтуы бойынша, шын мәнінде нақты мәліметтерді түсіндіруге негізделген [1, 62].

Осы мәселеге қатысты Вольтердің бағыттаушы қағидалары Болингброк пен Коллингвудтың қағидаларына ұқсас. Вольтер оларға өзінің жазған хаттарында және тарихи еңбектерінің мәтінінде бірнеше рет тоқталды. Бұл – ең алдымен тарихи нақтылық мәселелері. Тарих дегеніміз не? «Тарих, К.Н. Державиннің әділетті байқауынша, – бұл түпнұсқада ұсынылатын фактілер жөніндегі әңгіме. Тарихи факт анықталған факт

болуы тиіс. Міне сондықтан тарихшы бар тарихи бастауларға күдікпен қарауды алдымен басшылыққа алуы қажет. Тарихшылар әдетте нақты емес фактілерді алып тастап отырады. Ежелгі тарих бірқатар күдік туғызады. Геродоттың өз көзімен көріп жазғандарының бәрі рас, ал бірақ оның тыңдап жазған мысалдарынан тұратын кітабы ертегіні еске түсіретін романға айналған. Бұл тарихи қателіктердің қайнар бұлағы: қиял, мысалдар мен шіркеулік-діни аңыз әңгімелер. Бұдан тарихи шындықты алғашқы факторлар авторы болып табылатын қиялшылдар тұтқынынан босату қажеттігі туындайды» [6, 373]. Тарихи шындықтың өлшемі болып қызмет етеді: табиғи-тарихи нақтылық және фактінің мүмкіндігі, оның салауатты ақыл-оймен байланысы, моральдық мүмкіндігі, ең соңында, замандастардың куәліктеріндегі деректілігі.

Тарихты оқи отырып «біз өткен уақытқа қайта оралған сияқты әсер аламыз – бізге дейін өмір сүрген адамдармен істес боламыз және еш уақытта көрмеген елдерге барамыз. Сонымен біз үшін кеңістік ұлғаяды, ерте жасынан тарихты оқып үйренуге ден қойған адам бірнеше жыл ішінде, өз бетінше өмір сүруге кіріспес бұрын адамзат баласы туралы кең біліп қана қоймай, сонымен қатар жүзжылдықтардың үлкен санының тәжірибесін өз бойына сіңіреді. Себептерді анықтау үшін оқиғаны аздап айналдыруға ғана шамасы келген жағдайда тәжірибе бізді одан әрі апара алмайды; ал тергеу іске кіріспейінше тәжірибенің нысаны бола алмайды. Бұдан ой-пікірде көптеген қателіктер кетуі мүмкін. Тәжірибе екі рет іске аспайды: басталуын көрер едік, бірақ біз дүниеге өте кеш келеміз, өте ерте өлеміз де көптеген құбылыстардың аяқталғанын көрмей қаламыз. Тарих осы екі жетіспестіктің де орнын толтырады.

Тори, – деп жазады А.В. Гулыга, бұл өткен шак. Тарихқа тәуелділік – яғни өткенге қатысты деген сөз. Өткен туралы естелік, оны білу, түсіну, қайғыру тарихи ақыл-ойды бейнелейді. Адамның өткенін оқып үйрену тарихи мүдделілікті туғызады. Өткенмен жанасқан адамдар әрқашан: «Мұның бәрі қалай болды?» Неге «бұлай болған?», – деген сұрақтар қояды [4, 32]. Сондықтан Р.Дж. Коллингвуд тарих адамның өзін-өзі тануы үшін қажет деп жазады. Адамның өзін-өзі тануы маңызды деп саналады. Өзін-өзі тануы дегеніміз адамның жеке ерекшеліктерін, оның басқа адамдардан өзгешеліктерін танып қою ғана емес, сонымен қатар өзінің адамдық тарихын тану деп түсінген жөн. Тарихтың құндылығы мынада: оның арқасында біз адам не

істегенін білеміз, сондай-ақ сол арқылы оның өзі кім екені белгілі болады. Тарихшы қалай және қандай жағдайда өткенді таниды? Тарихшы өткенді өз ақыл-ойында еске түсіруге тиіс. Адам тарихты ойлаған кезде, оның алдында бір құжаттар немесе өткеннің қалдығы жатады. Оның міндеті осы қалдықтарды өзінен кейін тастап кету, бұл оқиғаның немен байланысты болғанын ашу. Тарихи мәнді заттар дегеніміз не деп егер сұрайтын болса, оның жауабы мынау: ол – тарихшының санасында еске түскен нәрсе. Бірінші кезекте, мұндай нәрсе тәжірибе болуға тиіс [6, 418]. Р.Дж. Коллингвуд сонымен тәжірибенің тарихи мәнін бірінші кезекке шығарды.

Тарихтың тағы бір гуманистік трактатын талқылауға болады. Тарих адамдардың провинциалдық шектеулерін жоюға көмектеседі, деп жазды Болингброк; басқа халықтардың өмірімен және салтымен таныса отырып, адамдар санасындағы этикалық және діни сәуегейліктерді жеңуге, өздерінің нәсілдік және ұлттық шектеулері жөніндегі ой-пікірлер надандығының салдарларын жоюға қол ұшын береді. Сонымен қатар тарих өз еліңе деген сүйіспеншілік, патриотизм, басқа елдерге ұқсамайтын қабілетін жан-жақты ашады [1, 16].

Бұл орайда біз адам қызметінің заңдары туралы сияқты оларды табиғат заңдарына қарама-қарсы қоя отырып айтамыз. Тарих заңдарын, яғни қоғамдық даму заңдарын тек тарихшылар ғана емес, социологтар, экономистер де оқып үйренеді.

Қоғам дамуы заңдарының мәселесін сондай-ақ неміс философы, жазушы-ағартушы И.Г. Гердер қарады. Бұл мәселе И.Г. Гердердің «Адамзат тарихының философиясына ой-пікірлер» деп аталатын еңбегінде басты орын алған. Философ табиғатта іс-әрекет жасап жатқан сияқты заңдарды қоғамда көреді. И.Г. Гердер: «Табиғат, төменгі басқыштан жоғарыға қарай үздіксіз заңды даму жағдайында болады; қоғам тарихы табиғат тарихымен тікелей қабысып жатады, онымен қосылып кетеді. Қоғамның даму заңдары табиғат заңдары сияқты табиғи қалыпта болады. Тірі адам күштері – адам тарихының қозғағыш серітпесі; тарих дегеніміз – жағдайлар, орындар мен уақытқа байланысты болып келген адам қабілеттерінің табиғи жемісі», – деген пікір айтады [7, 270]. Бұл, Гердердің пікірінше, тарихтың негізгі заңы. И.Г. Гердердің философиялық негізгі гуманизмі адамзат прогресі жөніндегі оқу болды – қоғам Гердер адамгершілік деп атаған жоғары жағдайға әрекет жасайды. Г.Болингброкқа келетін болсақ, ол барлық адамды халықтар тарихын оқып-үйренуге шақырады: «Адам дегеніміз кез-

келген тарихтың заты; оны жақсы білу үшін біз оны әртүрлі жас мөлшерінде, барлық елде, мемлекетте, өмірде және өлгенде көріп, түсінуіміз керек – тек тарих қана оны бізге бейнелеп береді. Сондықтан кез-келген тарих – өркениетті және өркениетті емес, ежелгі және қазіргі заман халықтарының әрекеттері мен мінез құлықтарын егжей-тегжейлі бейнелеп беретін барлық тарих бізді өзіміздің тегімізбен, яғни өзімізді өзімізбен таныстыру үшін пайдалы» [7, 305]. И.Г. Гердер халықтар мәдениетін, оның шығу тарихын, дамуын жан-жақты оқып-үйренуді ұсынады. «Халық мәдениеті, бұл оның болмысының түсі. Оның мәнін әдемілеп сыңғырлатып ашу. Егер гомерлік мифология адамдар жанында мәңгілік өмір сүрсе, грек құдайлары мәңгі үстемдік құрса, афиндық Демосфендердің қатты даусы шығып тұратын болса, онда бұл тарлық, шектелгендік болар еді.

Әрбір өсімдікке гүлдеу тән, бірақ гүлдер пісіп жарылып жан-жаққа тұқым шашады және тірі жаратылыс жаңғырады; Шекспир Софокл болған жоқ, Мильтон – Гомер, Болингброк – Перикл болмайды, бірақ әрқайсысы өз орнында және ежелгілер де өз орнында, өз тегінде қалды. Сонымен, әркім заттар тізбегінде болғанша, мейлі өз орнында болуға ұмтылсын; солай болуға ғана тиіс, басқаша мүмкін емес», – деп жазды ол [8, 66].

И.Г. Гердер адамзаттың тарихы дамуының ішкі мағынасы дегеніміз адамгершілік ойы деп есептейді. Осыдан неміс философының ағартушылар ойымен байланысы көрінеді. Тоқтаусыз, тақтайдай жазық, түзу сызықты көріністі жоқтаушыларға қарама-қайшы болып жатқан құбылысты көрмеуге дайын уайымшылдарға жас Гердер тарихта «айқын үдемелі қозғалыс пен дамуды, осыған дейін жоғары мағынада байқалған бұларды тарихта көрмеу мүмкін емес екенін айтты» [9, 94].

Сонымен, «адамзат, Гердерше айтқанда, жеке адам сияқты өзінің даму барысында жүйелі жағдайлардың қатарын бастан өткеруі – тарихи заңдылық, олардың әрқайсысы оның алдындағыларға қарағанда сапасы жағынан ерекшеленеді. Мұндай жағдайлар – өркениет дамуының ерекше басқышы» [1, 199].

Г. Болингброк адамзат прогресінің бар екенімен барлығын сендіреді. Адамзат прогресі жөніндегі бұл пікір ағартушылардың тарихи-философиялық ойының бағыттарының бірі болып табылады.

«Отанымызға деген сүйіспеншілігіміз – бұл тума қасиет емес, ақыл-оймен берілген

сабақ. Онымен бізді түйсік емес, міндет пен пайда дағдыларын тәрбиелеу байланыстырады. Отанға деген сүйіспеншілік, барлық ұлттарды тұрақтандыру мен гүлдендіруде соншалықты қажет болып табылады». Генри Болингброк тарихтың кейбір кезеңдеріне тән және оларды аяқталған тұтас нәрсе етіп қалыптастыратын шынайы байланыстардың бар екенін көрсетеді. Тарихты кезеңдерге бөлудің объективті алғышарттары жөніндегі мұндай ұсыныс оның заманындағы тарихнаманың тарихи көрінісіне қарағанда алға озып кетті және Вольтердің көзқарасынан асып түсті [7, 282].

Г. Болингброктың анықтауынша тарих – мысалдарға негізделген философия. Бұл сөздерде ағартушылардың тарихи теориясының мәні бейнеленген. Шынында, егер тарих философияның тегі болса, онда ол, бір жағынан, тарихи фактілердің ақиқаттығын нақты айыруы керек, екінші жағынан, тарихи шындықтың нақтылығына көз жеткізуі қажет. Жекелеген фактілердің ақиқаттығы тарихтың ақиқаттығына әлі кепілдік бере алмайды, сондай-ақ философиялық мәндегі тарих шындығы оның нақты негізінің ақиқаттығына байланысты. Тарихнаманың Г. Болингброк заманындағы көрсетілген пікірлерінің бірде-бірі оны қанағаттандырмады. Мәселен, эрудитті тарихына оқырманды көптеген фактілермен, бірыңғай фактілермен тұншықтырды; тарихи тақырыптарға философиялық болжамдарға қатыстыларды айтар болсақ, олар жалпы фактілермен онша есептескен жоқ. Классикалық ескі тәураттың дерегі өте сенімсіз, олардың мазмұны түсініксіз, жалпы танымдық деп саналатын түсіндірмелері шындығында өз бетімен кетті, онда қасақана жалғандықтар мен ақтандақтар көп болды. Сонымен қатар көптеген хабарламаның біріңғай көрінісі оларды сын тұрғысынан тексеру мүмкіндігін жоққа шығарды. Соның салдарынан аңыздар көбіне-көп әлі де нақты оқиғалар есебінде көрінуде. Г. Болингброкқа мән беруіміз керек – ежелгі тарих көбіне-көп ХІХ ғасырдың деректануындағы сынақ әдістерін жоғары қойды [7, 283].

Сонымен, тарихи сын ағартушылардың тарихи-философиялық ой-пікірі бағыттарының бірі болды. Г. Болингброк кез келген тарихи болмыстың нақтылығына күмән келтіреді, әрбір хабарланған деректі мұқият қатал тексеру қажеттігін айтады. Тарихшы, Болингброктың пікірінше, дайын деректерден бастай алмайды; ол алдымен деректердің аңыз қабаттарынан шындығын мысқылдап мұқият арши отырып соны сынау жолынан бастауға тиіс. Г. Болингброк

алға тартқан тарихи сын қағидалары ғылымды тәураттық-теологиялық тұжырымнан ажыратуға шынайы деректерді таңғажайыптан бөліп-жаруға әсер етті [7, 284-287]. Болашақ үшін аса зор маңызы бар ХҮІІІ ғасырдың тарихи ақыл-ойдың басқа бір маңызды бағыты – тарихтан «құдайшыл» емес, табиғи заңдарды іздестіруге ұмтылу. Г.Болингброк, ағылшын ағартушыларының өкілі ретінде өз еңбегінде шіркеу мен дінге қарсы қатал күрес жүргізеді, өйткені шіркеу ұйымынан ол адамзаттық ақыл-ойының, ағартудың басты жауын көрді.

Генри Болингброк осы жолдан феодалдық тарихшылардың қаламынан шыққан тарих жөніндегі көптеген кітаптарды тас-талқан етіп сынға алды. Ағартушыларға тән ақыл-ой, пікір рөлін ұлғайтып көрсету дегеніміз шіркеуге қарсы күрес екендігін ерекше атап көрсеткен дұрыс. Ағартушылар адамзат пен адам ақыл-ойының белсенділігі пікірін және тарихты өздері «жасау» құқығы мен оның нәтижесіне әсер ету идеясын бекітудің абсолютізмін шіркеуге қарсы күреске ұмтылды. Бірақ бұл орайда да ағартушылар тарихтағы пікір рөлін ұлғайтып жіберді.

Ағартушылар орта ғасырлық пікірмен және мекемелермен күресе отырып осы күрестің алыстағы көздерін бақылауға ұмтылды. Олар дін мен шіркеудің «мәңгілігіне» деген сенімді үзді. Ағартушылар өткеннің тарихын ақыл-ой мен ақылсыздықтың, ақыл-ой бостандығы мен шіркеудің, еркіндік пен қаталдықтың күресі ретінде көрсетуге тырысты. Ағартушылардың елеулі еңбегі өркениеттің құлдырауының себебі ретінде саяси және қоғамдық езгі жөніндегі мәселені кеңінен жасағандығы болды [10, 187].

Г. Болингброк өз еңбектерінде тарихи шындықты көлеңкелейтін аңыздардың әр түріне және шіркеулік-діни танымдарға қарсы күресті жалғастырды. Ол тарихи дерек ретінде тәураттық наным беделін жоюға тырысты, дерек ретінде бірқатар тәураттық эпизодтар мен кейбіреулерді салыстырмалы тарихи зерттеу жолына түсті. Ағартушы ежелгі шығыс, Египет және ежелгі мифологиялық тәураттық мәтіндегі көп материалдарды сынға алды. Г.Болингброк гректің аңыз-әңгімелерін, Вавилонның аңыздарын, Египет теологиясын және т.б. пайдаланды.

Г. Болингброктың және басқа ағартушылардың тарихи еңбектерінің елеулі көпшілігі «ақыл-ой әлемді билейді» деген ағартушыларға тән сенім деп есептеуге толық негіз бар. Бірақ ағартушылардың бұл тезисін бағалауға диалектикалық тұрғыдан келу керек, кейінгі ғана емес,

олардың алдындағы тарихи ақыл-ой тұрғысынан ағартушылар пікірін бағалау қажет.

Бұдан бұрын айтқандай, Г. Болингброк дәстүрлі діни сенімдерді мойындамады және тәураттық аңыз-әңгімелерді әжуа етті, бірақ өмірдегі жасаған және оның заңдарын белгілеген жоғарғы ақылды күшке жол беру қажет деп есептеді. Болингброк дін көпшілікті ауыздықтау үшін қажет деп ойлады. Оның осы пайымдауында таптық тәуелділік аңғарылды. Ағартушылар қоғамдық даму мәселелерінде идеалистер болды. Сословиялық құрылыс қиратылған соң әлеуметтік гармония дәуірі басталады деп сенді. Қанаушылық әлі де «діни және саяси танымдармен» бүркемеленген феодалдық құрылыстың орнына жаңа буржуазиялық құрылыс оның «ашық, ұятсыз, тіке, қатал қанаушылығымен» бірге келетінін олар түсінбеді [11, 275-276].

Соңында, Генри Болингброк тек адам жағдайын ғана емес, кезеңдердің жеке-даралығы қайталанбайтын тарихи кезеңдерді ауыстыру пікірлеріне жақын келді, олардың қандай мезгілдегі оқиғадан шыққандығына қарамастан тарих сабақтарын пайдалану мүмкіндігіне – гуманистердің дәстүрлі сеніміне жаңа сарын қосты. Мұны пайдалану дегеніміз – прототипке соқыр еліктеу деген сөз. Егер мүмкін болса, біз рухты ұстауымыз керек..., бірақ тарихтың өзі бізге бейнесін салып беріп отырған ұлы қайырымды адамдардың нақты мінез-құлқын біздің әрекеттерімізде құлша тергеуден сақ болғанымыз жөн.

Г. Болингброктың тарих философиясы оның саяси көзқарастары мен таптық тұжырымдарымен тығыз байланысты. Ағылшын торилерінің идеологиясы ретінде Болингброк Эразм, Элиот, Сидней және тағы да басқа гуманистердің ізімен ағылшын ақсүйектеріне, басқарушы элитаға ден қойды. Осындай байланыстардың тарихы «табиғи басқарушыларды» әлеуметтік және моральдық тәрбиелеудің құралы ретінде қарастырады.

Генри Сент-Джон Болингброктың тарихи пікірлері ағарту дәуіріне тән болды. Бұл пікірлер адамзат, адам ақыл-ойы прогресіне, адам өмірі мен табиғаты заңдарының байланысына, дүниежүзілік тарихи даму идеяларына жақын еді. Болингброктың тарихты ғылыми тұрғыда оқып үйрену әдістеріне қатысты пікірлері тартымды. «Хаттардың» замандастар және оларға жақын бірнеше ұрпақ оқырмандары арасында танымал болғанына қарамастан тарихнама мен философиялық тарихи пікірлердің оларға немқұрайлылығы көзге түседі.

Сонымен қатар, тарихта белгілі болғандай, Вольтер тарих философиясы мен методологиясы саласындағы бірқатар негізгі пікірлері үшін Бо-

лингброкқа міндетті, бұл пікірлері ретінде ден қоя оқуда.

Жоғарыда айтылғаннан белгілі болғандай, Ағартушылық ғасырдың еуропалық тарихи және саяси пікірінің арнасына Г. Болингброктың көптеген пікірлері автордың аты көрсетілмей кіруі тиіс. Англияның ақыл-ой өмірінде вигизмнің ұзақ уақыт үстемдігі тори ойшыл, әрине, өз табының көзқарасы – жер аксүйектері – «Алтын қаптар» патшалығын құлату үшін көп нәрсе істеген Г. Болингброктың әдеби мұраларының тарихы үшін қатерлі болды.

XVIII ғасырдың басында өз заманындағы буржуазиялық қоғамды сынауда Г.Болингброк үлкен рөл ойнады. Оның пікірі сол дәуірдегі Франциядағы қайраткерлер пікірінен көбіне-көп асып түсті. Шындығында, буржуазиялық әлеуметтік және саяси пікірдің шығуы және жер иелері табының құлауы ғасырында заманға деген тарихи көзқарас аксүйек идеологтарына ғана тән болды. Смит пен Рикардо әлі де иықтарында

отырған XVIII ғасыр пайғамбарларына бұл индивидум... Өткенге жататын пікірлермен көрінеді. Ол тарих қорытындыларымен емес, бастапқы түрде берілген. Көптеген жағдайларда XVIII ғасырға аристократ ретінде қарама-қайшы келетін Стюарттың тарих топырағындағы салмағы басым, мұндай адасудан аулақ болды.

Лорд Генри Болингброк аксүйек ретінде негізгі мәселелердің бірқатарын талдап отырды. Саяси оппоненттеріне қарағанда тарих топырағындағы оның шоқтығы анағұрлым биікте тұрды. Бұдан ағылшынның саяси қайраткері, публицист, тори көшбасшыларының бірі – Г.Болингброктың идеялық мұрасының мәдени-тарихи құндылығында шек жоқ екені көрінеді.

Г. Болингброктың дүниетанымында тарих, тарих ғылымы үлкен рөл атқарады. Тарихи жағдайлар қайталанып тұрады. Сондықтан да әлем тарихын көне дәуірден бастап, кейінгі кезеңдермен бірге салыстырмалы түрде қарастырған жөн.

Әдебиеттер

- 1 Болингброк Г. Письма об изучении и пользе истории / пер. С.М. Берковской, А.Т. Парфенова, А.С. Розенцвейга. – М.: Наука, 1978.
- 2 Блок М. Апология истории. – М.: Наука, 1973.
- 3 Державин К.Н. Вольтер. – М.: Изд-во АН СССР, 1946.
- 4 Гулыга А.В. Эстетика истории. – М.: Наука, 1974.
- 5 Коллингвуд Р.Дж. Идея истории. Автобиография. – М., 1970.
- 6 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977.
- 7 Барг М.А. Историческая мысль английского Просвещения: Болингброк // Болингброк Г. Письма об изучении и пользе истории. – М.: Наука, 1978.
- 8 Фридлендер Г.М. История и историзм в век Просвещения // Проблемы историзма в русской литературе. – Л., 1984.
- 9 Жирмунская Н.А. Историко-философская концепция И.Г. Гердера и историзм Просвещения // Проблемы историзма в русской литературе конца XVIII – начала XIX в. – Л., 1981.
- 10 Честерфилд Ф.Д.С. Письма к сыну. Максимумы. Характеры. – М.: Наука, 1978.
- 11 Просветительское движение в Англии / под ред. Н.М. Мещеряковой. – М., 1991.

References

- 1 Bolingbroke G. Letters on studying and advantage S.M. Berkovskaya, A.T. Parfyonov, A.S. Rosenzweig's history / Processing. – M.: Science, 1978.
- 2 Block M. Apology of history. – M.: Science, 1973.
- 3 Derzhavin C.N. Voltaire. – M.: Publishing house of Academy of Sciences of the USSR, 1946.
- 4 Estetik's A.V. Gulyga of history. – M.: Science, 1974.
- 5 Collingwood R. J. Idea of history. Autobiography. – M, 1970.
- 6 Herder I.G. Ideas to mankind history philosophy. – M, 1977.
- 7 Bar M. A. Istoricheskaya thought of the English Education: Bolingbroke//Bolingbroke G. Letters on studying and advantage of history. – M.: Science, 1978.
- 8 Friedlander G. M. History and historicism in a century of Education//historicism Problems in the Russian literature. – L., 1984.
- 9 Zhirmunskaya N. A. The historico-philosophical concept of I. G. Herder and historicism of Education // historicism Problems in the Russian literature of the end of XVIII – the beginnings of the 19th century – L., 1981.
- 10 Chesterfield Pism F.D.S. to the son. Maxims. Characters. – M.: Science, 1978.
- 11 The educational movement in England / Under the editorship of N. M. Meshcheryakova. – M, 1991.